

"Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 320 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

2003 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Нұра өзенін тазарту жобасы) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес "Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясы құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 24 сәуірдегі
N 320 қаулысына

қосымша

"Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясының құрамы

Есімов - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, төраға

Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің төрағасы, төрағаның

орынбасары

Рябцев - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің

төрағасы, хатшы

Қалқабаев - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Орынбасар Шойбекұлы Мәжілісі Экология және табиғатты
пайдалану мәселелері комитетінің мүшесі
(келісім бойынша)

Петров - Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович жағдайлар вице-министрі

Баталов - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Асқар Болатұлы сауда вице-министрі

Қасымбек - Қазақстан Республикасының Көлік және
Жеңіс Махмұтұлы коммуникация вице-министрі

Белоног - Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік
Анатолий Александрович санитарлық дәрігері, Қазақстан
Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау комитетінің төрағасы

Сизов - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын
Александр Павлович басқару агенттігі төрағасының орынбасары

Байнақов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Рахмет Ғазизұлы министрлігі Үкіметтік қарыздарды тарту
департаментінің директоры

Камалиев - Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Берік Сайлауұлы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 4 с ә у і р д е г і

N 3 2 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**"Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету
мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясы туралы
ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Нұра өзенін тазарту" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Нұра өзенін тазарту" жобасын (бұдан әрі - жоба) іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) қызметін реттейді. Комиссия 2003 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісім шеңберінде жобаны іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) жоба шеңберінде сынаппен ластану көзін - бұрынғы "Карбид" акционерлік қоғамының ғимараттары мен құрылыстарын (өндірістік цехтарды, ҚарГРЭС-інің күл үйіндісін, Жауыр батпағын) жою, сондай-ақ өзен арнасы мен жайылмаларын сынаптан тазарту арқылы халықтың әл-ауқатын, өңірдегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне берілетін Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің қарызы қаражатын тиімді пайдалану;

3) жобаны іске асыру жөніндегі мәселелерді үйлестіру;

4) ластанған қалдықтарды сақтауға арналған құрылыстарды жобалау мен салуға, сондай-ақ өзен арнасы мен жайылмаларын тазартуды жүргізу кезінде жергілікті еңбек және материалдық ресурстарды барынша пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

4. Комиссияның өз міндеттеріне сәйкес:

1) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті ақпарат алуға;

2) жобаны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуге;

3) Комиссияның құрамына енгізілетін өзгерістер және/немесе толықтырулар бойынша белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

5. Комиссияны оның қызметіне басшылық жасайтын, Комиссияның отырыстарында төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын төраға басқарады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасар атқарады.

6. Жұмыстарды ұйымдастыруды және тиісті материалдар дайындауды Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

8. Комиссияның отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіліп тұрады.

9. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ өткізілетін орны мен уақытын Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Комиссияның төрағасы белгілейді және нақтылайды.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер ол үшін Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссияның шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

5. Комиссияның қызметін тоқтату

11. Комиссия өз қызметін жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін тоқтатады.